



7 | КОЛЛЕДЖ ЖЕТІСТІГІ



28.01.2025 жылы «AMANAT» партиясының ұйымдастыруымен «Бастауыш партия ұйымдары жылына» орай «Үздік бастауыш партия ұйымы» байқауында 100-ден 500-ге дейінгі партия мүшесі бар санатта «Алау» бастауыш партия ұйымы І-ші орынмен марапатталды. «Үздік бастауыш партия ұйымы» байқауына белсенді қатысқаны және бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жандандыруға қосқан жемісті еңбегі үшін колледж директоры Сарыбекова Жамиля Нургалиевна Алғыс хатпен марапатталды.



8 | БАСЫЛЫМДАР

Республикалық ғылыми әдістемелік орталығы «Ұстаз онлайн» Халықаралық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік шығармашылық бағыттағы журналына «Мейіргер ісі» бөлімінің меңгерушісі Айдралиева Асель Болатовна «Білім беруде медицина саласында заманауи технологияның тиімділігі» тақырыбында педагогикалық материалын жариялап және өз тәжірибесімен бөліскені үшін Алғыс хатпен және сертификатпен марапатталды.



«USTAZ HAV» Халықаралық ақпараттық ғылыми әдістемелік бағыттағы журналына «Білім сапасы және мониторинг» бөлімінің меңгерушісі Мураталиева Нұржамал Мухтаровна «Медициналық колледжде математика пәні бойынша жасанды интеллектті қолданудың тиімділігі» тақырыбында педагогикалық материалын жариялап және өз тәжірибесімен бөліскені үшін Алғыс хатпен және сертификатпен марапатталды.



9 | БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ

05.01.2025 ж. «Кәсіби әскерилендірілген авариялық құтқару қызметтері республикалық орталық штабы» ЖШС Оңтүстік Қазақстан филиалының мамандандырылған оқу орталығының ұйымдастыруымен жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімдерін тексеру жөніндегі емтиханнан колледждің әкімшілік мүшелері өтіп, сертификатқа ие болды.



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ; ДӘРІС;

Колледж оқытушыларының қаңтар айында өткізген іс-шаралары.

01

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГ

«Кімде-кімнің әділдігі жоқ болса, оның ұяты да жоқ» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді.

02

ЖАС МАМАНДАР ОТЫРЫСЫ

«Үйренейік, ізденейік, Жас маман!» тақырыбында жас мамандар мектебінің кезекті отырысы өткізілді.

03

ҚЫСҚЫ СПАРТАКИАДА

№3 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК ұйымдастыруымен оқытушылар мен қызметкерлер арасында «Қысқы спартакиада» өткізілді.

04

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

«Кітап оқып, жүлдегер бол» атты кітап оқу байқауының жеңімпаздары марапатталды.

05

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Колледж оқытушылары мен студенттердің жетістігі.

06

КОЛЛЕДЖ ЖЕТІСТІГІ

«Үздік бастауыш партия ұйымы» байқауында «Алау» бастауыш партия ұйымы І-ші орынмен марапатталды.

07

БАСЫЛЫМДАР

Колледж оқытушыларының басылымдары.

08

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ

Колледж оқытушыларының біліктілікті арттыруы.

09





1 | ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ; ДӘРІС;



10.01.2025 ж. №2 Арнайы пәндер ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша «Жол-көлік жарақатының алдын алу» тақырыбында дөңгелек үстел іс-шарасы өткізілді.

Мақсаты: жол жүру мәдениетіне, жауапкершілікке, қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу. Студенттердің жол-көлік жарақатының негізгі себептері мен салдары туралы ақпараттандырылуын арттыру. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттілігі туралы саналы түсінік қалыптастыру.

Студенттерді толыққанды ақпараттандыру мақсатында арнайы қонақтар шақыртылды: Жедел жәрдем станциясының ақпараттық-оперативтік диспетчерлік бөлімінің меңгерушісі - Абитаев Бекзат Асылбекович, ППБ қызмет инспекторы полиция аға лейтенанты - Абдиев Махсат Адилханович, ППБ қызмет инспекторы полиция аға лейтенанты - Нуркожаев Ермек Сейтханович, Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының меңгерушісі - Усенов Рахат Бакенович.

Шақыртылған қонақтар мен рөлдік ойындарға белсенді атсалысқан студенттерге арнайы сыйлықтар табысталды.

15.01.25ж. №2 Жалпы білім беру және жаратылыстану ғылыми пәндері циклдық әдістемелік комиссия оқытушыларының ұйымдастыруымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру – өзекті мәселе» тақырыбында дәріс өткізілді. Мақсаты: студенттердің жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру. Рухани-адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу. Адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту. Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту. Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу.



16.01.2025 ж. Наркобекет жетекшісінің ұйымдастыруымен, 106М-9/24, 108М-9/24, 112М-9/24 топ студенттерімен «Алкогольге, темекіге, есірткіге «Жоқ» деп айтыңыз!» тақырыбында дәріс өткізілді.

Дәрісте Жамбыл облыстық психикалық денсаулық орталығының дәрігер психиатрі А.А.Османова студенттерге дәріс оқыды. Дәріс барысында студенттер көкейлерінде жүрген сұрақтарына толық жауап алды. Жауапты: Наркобекет жетекшісі: Реймбаева С.М.


2 | ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГ

Психологиялық қызмет және Саналы ұрпақ студенттер клубымен бірлесе отырып «Кімде-кімнің әділдігі жоқ болса, оның ұяты да жоқ» тақырыбында психологиялық тренинг өтті. Тренингте сыбайлас жемқорлық тақырыбын негізге ала отырып «Адалдық», «Ізгілік», «Ар» тақырыптары студенттер арасында кеңінен талқыланды. Жастар үшін адалдық, әділдік, парасаттылық және патриотизм сезімдерінің маңыздылығын атап өтті.

Жауапты: Колледж психологтары



3 | ЖАС МАМАНДАР ОТЫРЫСЫ



14.01.2025 ж. «Үйренейік, ізденейік, Жас маман!» тақырыбында жас мамандар мектебінің кезекті отырысы өткізілді.

Күн тәртібінде:

«Этика және деонтология» тақырыбы бойынша тренинг.

Жауапты: №1 Жалпы кәсіптік пәндер циклдық әдістемелік комиссиясының төрайымы Назар Д.Қ.

Оқытушының іс тәжірибесінен «Фармакология» пәні бойынша практикум сабақ (15-20 минуттық.)

Жауапты: №2 Жалпы кәсіптік пәндер циклдық әдістемелік комиссиясының төрайымы Серкебаева А.К.

ОӘК дайындау бойынша түсіндірме жұмыс. Жауапты: «Тарих» пәнінің оқытушысы Иманалиева Г.Ж.

Психологиялық тренинг.

Жауапты: колледж психологы Сүйінбекұлы К.



4 | «ҚЫСҚЫ СПАРТАКИАДА»



29.01.2025 ж. №3 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдаған жолдауында көрсеткендей бұқаралық спорт пен дене шынықтырудың қолжетімділігін арттыру мақсатында Жамбыл жоғары медициналық колледжінің оқытушылары мен қызметкерлері арасында «Қысқы спартакиада» өткізілді.

Эстафеталық ойындар:

«Баскетбол»

«Сегізаяқ»

«Шығыршық»

«Кіші футбол»

Спартакиадаға «Алтын адам», «Бауырсақ», «Жалын», «Бурундуки», «Алға, чемпион», «Жеңіс жалыны», «Сұңқар» командалары қатысты.

Ойын түрлерінен I-II-III орын жеңіп алған командалар және команда мүшелері Жамбыл жоғары медициналық колледжінің бастауыш кәсіподақ ұйымы ұсынған мақтау қағаздарымен, кубогімен және бағалы сыйлықтарымен марапатталды. Жалпы командалық есепте:

I- орын «Бурундуки» командасы,

II- орын «Бауырсақ» командасы,

III – орын «Алтын адам» командасы иеленді.

Бастауыш кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен жарыс соңында түскі ас берілді.



5 | КІТАП ОҚУ БАЙҚАУЫ

Жамбыл жоғары медициналық колледжінде студенттер арасында «Кітап оқып, жұлдегер бол» атты кітап оқу байқауының жеңімпаздары марапатталды. Байқау 4 апта болды. Байқаудың 3 кезеңі онлайн, соңғы тур офлайн форматта өткізілді. Студенттер арасындағы бұл байқауға 92 үміткер қатысты. Байқаудың қорытындысы бойынша 3 жеңімпаз анықталып Алғыс хаттармен және қаржылай сыйлықпен марапатталды.



Байқаудың нәтижесі бойынша:

I орын - 126 топ студенті Көбеген Ерасыл,

II орын - 116 топ студенті Кемпірбай Акерке,

III орын - 110 топ студенті Оралбекова Нұрай.

Жоба жетекшісі:

К. Сүйінбекұлы

6 | ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар жөніндегі басқармасының ұйымдастыруымен өткен "Адал адам" республикалық эссе байқауына 402 топ студенті Пернебай Жұлдыз және 115 топ студенті Мырзабай Айым қатысып Алғыс хатпен марапатталды. "Адал адам" республикалық эссе байқауының қатысушысына жетекшілік жасағаны үшін қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушылары Абдраимова Назира Жетписбаевна және Абдалимова Зура Искаковна Алғыс хатпен марапатталды.



Сібір федералды округі (СФО) орта медициналық және фармацевтикалық білім беру ұйымдары директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын және орта кәсіптік медициналық білім беру жүйесінің Сібір аймақаралық қауымдастығының 2024 жылға арналған жұмыс жоспарын іске асыру шеңберінде студенттер арасында ұйымдастырылған VI халықаралық "Әлеуметтік маңызы бар аурулардың алдын алу жөніндегі үздік жадынама" конкурсында 317 ЛД-11/22 топ студенті Садчикова Анастасия Алексеевна қатысып II дәрежелі дипломмен марапатталды. Кокурска жетекшілік жасағаны үшін Нурланқызы Самал Алғыс хатпен марапатталды.

